

**Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Формат: Онлайн

2026 жылғы 22 қаңтар

Төрағалық етті: А.Болатжан – Қоғамдық кеңестің төрағасы

Қатысқандар: Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері, «Элтекс-Алатау» ЖШС-нің директоры Н.Жәнібеков.

Күн тәртібі

1. «Элтекс Алатау» ЖШС-нің қазақстандық өнімдерді экспорттаудағы күрделі жағдайына қатысты тыңдалым.


«Элтекс Алатау» ЖШС-нің директорының ақпараты тыңдалып, назарға алынды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» Президиумының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім беру және инновациялар комитетінің, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің (бұдан әрі – ЖИЦДМ ҚР), Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің (бұдан әрі – ӨҚМ ҚР), ҰКП Президиумының машина жасау комитетінің және ЖИЦДМ жанындағы қоғамдық кеңестің қатысуымен кеңес ұйымдастыру;

2. Салыстырмалы кестені қарастырып, лицензиялау регламенттері, құжаттарды қарау мерзімдері, сондай-ақ қосарланған мақсаттағы кодтар тізбесінен бірқатар кодтарды алып тастау бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді ұсыну.

Қоғамдық Кеңес төрағасы



А. Болатжан